

І. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ  
6В01501-«ИНФОРМАТИКА» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ  
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСТЫҢ  
КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ

ХАТТАМАСЫ

№ 1 «28» сәуір 2022 жыл.

6В01501-«Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша конкурстық комиссия мүшелері І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті ректорының 2022 жылғы 02 наурыз №61 П бұйрығымен 5 профессорлық-оқытушылар құрамымен бекітілді.

Комиссия құрамының тізімі:

Комиссия төрағасы:

*Ж.Т. Жиёмбаев – п.ғ.к., педагогикалық информатика бойынша білім беру бағдарламаларының жетекшісі;*

Комиссия мүшелері:

*Г.Т. Керімбаева – магистр, Алматы облыстық білім беру саласындағы ғылыми-тәжірибелік ақпараттық технологиялар орталығының директоры;*

*А.О. Алдабергенова - п.ғ.к., оқытушы-дәріскер;*

*Л.А. Смагулова - п.ғ.к., оқытушы-дәріскер;*

Конкурстық комиссия  
хатшысы

*Ә.М. Мейрамбек - ж.ғ.м., оқытушы-ассистент.*

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛАТЫН МӘСЕЛЕ

Қазақстан республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсына 6В01501 – «Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша түскен жұмыстарды зерделеп қарау, талқылау, қорытындысын шығару.

Байқауға 16 жоғары оқу орындарынан 33 жұмыс келіп түсті (құжат тіркелген):

1. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті – 6;
2. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – 3;
3. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті – 4;
4. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – 3;
5. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті – 3;
6. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті - 2;
7. А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті – 2;
8. Сырдария университеті – 2;
9. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті – 1;
10. С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті – 1;
11. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті – 1;
12. Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті – 1;
13. Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті -1;
14. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті – 1;
15. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті – 1;
16. Мирас университеті – 1.

*Комиссия төрағасы Ж.Т.Жиембаев:* ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің 25.02.2022 ж. 14-2/287-ВН ұсынысы негізіндегі 6В01501 – «Информатика» білім беру бағдарламасының шифрына сай келетін барлық жұмыстар байқауға қатыстырылды

Сонымен, Байқауға 16 жоғары оқу орындарынан 33 жұмыс қатысты (құжат тіркелген):

1. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті – 6;
2. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – 3;
3. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті – 4;
4. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – 3;
5. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті – 3;
6. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті - 2;
7. А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті – 2;
8. Сырдария университеті – 2;
9. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті – 1;
10. С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті – 1;
11. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті – 1;
12. Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті – 1;
13. Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті -1;
14. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті – 1;
15. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті – 1;
16. Мирас университеті – 1.

Жұмыстар зерделеләніп, критерийлерге сай тексеріліп, бағаланды (Қосымша А).

*Комиссия мүшесі: Г.Т. Керімбаева:* Келіп түскен жұмыстардан талаптарға сай, ғылыми жаңалығы бар, жүйелі жазылған, практикалық бөлімі толық, бағалау критерийлеріне сәйкес жоғары балл жинаған бірнеше жұмыстарды атағым келеді:

а) Ахметова Назираның «Орта мектеп информатика пәнін тиімді оқытуды ұйымдастыруға арналған виртуалды зертханалық ортасы»,

б) Советхан Аминаның «Изготовление экструдера для вторичной переработки пластика»,

с) Медет Мәди Нұрлыбекұлы мен Талапов Алишер Руслановичтің «Платформа "Alternative Education" для обучения в виртуальной реальности в режиме реального времени» жұмыстары жүлделі орындарға ұсынуға лайықты деп ойлаймын.

*Комиссия мүшесі А.О.Алдабергенова:*

Менің ойымша жұмысты қарастыру нәтижесінде жинаған бағалар әділ қойылды. Ерекше атап өткім келетінін «Робототехниканы оқытуда Tinkercard Arduino - онлайн симуляторын қолдануға бағытталған цифрлық білім беру ресурстары» тақырыбындағы жұмыстары. Өте сауатты, талаптарға сай жазылған. Жұмыс өзекті, практикалық маңызы бар. Авторлары жұмысқа жақсы сараптама жасап, міндеттерге сай қорытынды жасаған және жүлделі орынға ұсынуға әбден лайықты деп ойлаймын.

*Комиссия мүшесі Л.А. Смагулова:*

Барлық жұмыстарды қарап ортақ бағаларымызды қойдық. Соның ішінде кейбір жұмыстардың сапасы төмен. Бұрынғы курстық жұмыстардың көлеміндегі жұмыстар да кезікті. Міндеті мен қорытындысы сай келмеген жұмыстар да болды. Жоғарыда аталған жұмыстарды мен де жоғары бағалаймын. Сонымен қатар, Байтурина Аиданың «Абай шығармаларының Web және мобильді қосымшаларын жобалау және құру», Ахметқали Жанеля Кенесқызының «Мектеп информатика курсының «Жасанды интеллект бөлімін оқытудағы цифрлық ресурстарын жасау және пайдалану» тақырыптарындағы жұмыстарды да атап өткім келеді. Осы жұмыстардың практикалық бөлімдерінде күрделі жұмыстар жасалған және өзекті мәселелеге арналған. Жалпы жұмыстарды зерделеп, бағалау нәтижелеріне көңілім толады.

Комиссия мүшелері аталған жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын зерделеп қарап, талқылап төмендегідей **қорытынды** жасады:

1 жұмысты ҚР Білім және ғылым министрінің I - дәрежелі дипломымен марапаттау;

2 жұмысты ҚР Білім және ғылым министрінің II - дәрежелі дипломымен марапаттау;

3 жұмысты ҚР Білім және ғылым министрінің III - дәрежелі дипломымен марапаттау туралы шешім қабылдады.

1) Жүлделі орынға ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурс талаптарына сай дайындалған төмендегі студенттердің тізімі ұсынылады:

#### 1 ОРЫНҒА

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, 3-курс студенті Ахметова Назира Мұратханқызы; ғылыми жетекшілері: PhD, сениор-лектор Карменова Мархаба Ахметоллиновна, PhD, қауымдастырылған профессор Тлебалдинова Айжан Солтанғалиевна.

#### 2 ОРЫНҒА

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 1 курс студенті Байтурина Аида Муратовна; ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.к., доцент Талипова Мейрамгүл Жубаткановна.

#### 2 ОРЫНҒА

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2 курс студенті Муканбетсадыкова Ақтілек Қыдырбекқызы, 1 курс студенті Зандыбай Аймарал Аманбекқызы; ғылыми жетекшісі: PhD, информатика кафедрасының доценті м.а. Карелхан Нурсауле.

#### 3 ОРЫНҒА

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2 курс студенті Медет Мәди Нұрлыбекұлы, 3 курс студенті Талапов Алишер Русланович; ғылыми жетекшісі: к.п.н., профессор Абдыкеримова Эльмира Алтынбековна

#### 3 ОРЫНҒА

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2 курс студенті Советхан Амина Рустамқызы; ғылыми жетекшілері: оқытушы-дәріскер Забиева Камшат Казбековна, оқытушы-ассистент Кабдуалиев Дастан Кайратович.

#### 3 ОРЫНҒА

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 3 курс студенті Ахметқали Жанеля Кенесқызы, ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. Тұрғанбай Құралай Егінбайқызы

2) Сондай-ақ, төмендегі студенттердің жұмыстары ҚР Білім және ғылым министрінің **алғыс хатымен** марапаттауға лайық деп ұсынылады:

1. С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, 3-курс студенті Ахметова Назира; ғылыми жетекшілері: PhD, сениор-лектор Карменова Мархаба, PhD, қауымдастырылған профессор Тлебалдинова Айжан.

2. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 1 курс студенті Байтурина Аида; ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.к., доцент Талипова Мейрамгүл Жубаткановна.

3. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2 курс студенті Муканбетсадыкова Ақтілек, 1 курс студенті Зандыбай Аймарал; ғылыми жетекшісі: PhD, информатика кафедрасының доценті м.а. Карелхан Нурсауле.

4. Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2 курс студенті Медет Мәди Нұрлыбекұлы, 3 курс студенті Талапов Алишер Русланович; ғылыми жетекшісі: к.п.н., профессор Абдыкеримова Эльмира Алтынбековна

5. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2 курс студенті Советхан Амина; ғылыми жетекшілері: оқытушы-дәріскер Забиева Камшат Казбековна, оқытушы-ассистент Кабдуалиев Дастан Кайратович.

6. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 3 курс студенті Ахметқали Жанеля Кенесқызы, ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. Тұрғанбай Құралай Егінбайқызы

Комиссия төрағасы Ж.Т. Жиёмбаев: Құрметті комиссия мүшелері осы шешімді дауысқа салайық.

Қолдаушылар – барлығы,

Қолдамағандар – жоқ,

Қалыс қалған – жоқ.

### ШЕШІМІ:

ҚР Білім және ғылым министрлігіне Қазақстан республикасы жоғары оқу орындары 6В01501 – «Информатика» білім беру бағдарламасы студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық конкурстан жүлделі орынмен және алғыс хатпен марапаттауға аталмыш жұмыстар ұсынылсын және хаттама көшірмесі жіберілсін.

Конкурстық комиссия төрағасы Ж.Т. Жиёмбаев Ж.Т. Жиёмбаев

Конкурстық комиссия хатшысы Ә.М. Мейрамбек Ә.М. Мейрамбек

Комиссия мүшелері Г.Т. Керімбаева Г.Т. Керімбаева

А.О. Алдабергенова А.О. Алдабергенова

Л.А. Смагулова Л.А. Смагулова

Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс

жөніндегі проректор



А.Бахтаулова А.Бахтаулова